

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 1 қазандағы N 984

Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау қаласын 1998/99 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға көзделген қаражаттың есебінен Солтүстік Қазақстан облысы Көкшетау қаласының әкіміне Көкшетау қаласының жаңадан іске қосылып отырған N 2 аудандық қазандығы үшін отын сатып алуға 50 000 000(елу миллион) т е н г е б ө л і н с і н .

2. Солтүстік Қазақстан облысы Көкшетау қаласының әкіміне отынды қазақстандық тауар өндірушілерден сатып алу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі